Бекітілді
2025 жылғы «08» қаңтар №4-н/қ бұйрықпен
Директор _____ Р.В. Сарсамалиев

2025 жылға арналған тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін беру үшін
медициналық бұйымдарды сатып алу бойынша тендерлік өтінімдерді дайындау және тендерге қатысу үшін
әлеуетті өнім берушілерге ұсынылатын тендер ұйымдастырушысының

ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМАСЫ

Тендерді ұйымдастырушы: Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық қан орталығы" ШЖҚ МКК

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 8 маусымда № 32733 болып тіркелді

Тендер **Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық қан орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны үшін медициналық бұйымдар** Өнім берушілерін анықтау мақсатында өткізіледі.

1. Тендерлік құжаттаманың мазмұны

1.1. Тендерге қатысу үшін әлеуетті өнім беруші келесі **біліктілік талаптарына** сәйкес болуы қажет:
1) құқық қабілеттілігі (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет ету қабілеттілігі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);
2) тиісті фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға құқық қабілеттілігі;
3) тендерлік комиссияның (комиссиялардың) мүшелерімен және хатшысымен, сондай-ақ тікелей және (немесе) жанама түрде шешім қабылдауға және (немесе) тендерлік комиссия (комиссиялар) қабылдайтын шешімдерге ықпал етуге құқығы бар тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының немесе бірыңғай дистрибьютордың өкілдерімен үлестес болмауы;
4) бюджетке берешектің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектің болмауы;
5) банкроттық не таратылу рәсіміне жатпауы;
6) өзінің үлестес тұлғасымен бір лот бойынша тендерге қатысушы болып табылмауы қажет.

1.2. Сатып алынатын медициналық бұйымдарға мынадай талаптар қойылады:
1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің ережелеріне сәйкес және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен дәріханаларда дайындалған дәрілік препараттарды, орфандық препараттардың тізбесіне енгізілген орфандық препараттарды, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, медициналық мақсаттағы

бұйымдар құрамына кіретін және дербес бұйым немесе құрылғы ретінде пайдаланылмайтын жиынтықты қоспағанда, Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеудің болуы;

2) сипаттаманың немесе техникалық ерекшеліктің хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына сәйкестігі;

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қоспағанда, бірыңғай дистрибьютордың үстеме бағасын, хабарландырудағы немесе сатып алуға шақырудағы бағаны ескере отырып, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен халықаралық патенттелмеген атауы және (немесе) сауда атауы (бар болса) бойынша шекті бағаларды көтермеу;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларына сәйкес олардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын сақтауды қамтамасыз ететін жағдайларда сақтау және тасымалдау;

5) Қазақстан Республикасына тіркелмеген дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды әкелу жағдайларын қоспағанда, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалаудың, тұтыну қаптамасының және қолдану жөніндегі нұсқаулықтың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкестігі;

6) тапсырыс берушіге өнім берушінің беру күніне дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарамдылық мерзімі:

- қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінің кемінде елу пайызын (жарамдылық мерзімі екі жылдан аз болса);
- қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінің кемінде он екі айын (жарамдылық мерзімі екі жыл және одан көп болса) құрайды;

1.3. Сатып алуды ұйымдастырушы біртекті дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды жеткізу орны бойынша лоттарға, ал біртекті дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың бірнеше түрлерін сатып алуды жүзеге асырған кезде олардың біртекті түрлері және (немесе) жеткізу орны бойынша лоттарға бөлуге жол береді.

2. Сатып алынатын тауарлардың техникалық және сапалық сипаттамасы

лот №	Тауардың атауы	Техникалық және сапалық сипаттамасы
1.	Комплект Trima Accel с пробоотборником и камерой лейкоредукции LRS для тромбоцитов, плазмы, эритроцитов с автоматический подачей плазму заменяющего раствора для хранения тромбоцитов с раствором ACD-A 500 мл	Комплект с камерой для лейкоредукции LRS, пробоотборником и линией для автоматического добавления консервирующего раствора для тромбоцитов T-PAS+ предназначен для сбора до 5-х терапевтических доз тромбоцитов, до 2-х доз плазмы и 1 доз эритроцитов. В комплект входит стерильный раствор АСД-А, 500 мл, производства TerumoBCT (№40804) Комплектация сэта: 2 мешка для лейкоредуцированных тромбоцитов объемом от 100 до 400 мл каждый; 1 мешок для лейкоредуцированной плазмы объемом до 600 мл замороженного продукта; 1 мешок для эритроцитов с объемом до 600 мл. 6 штук сэтов в коробке. Раствор ACD-A объемом 500мл. ACD-A это антикоагулянт, используемый с системой автоматического сбора крови Trima Accel, системой афереза Spectra 0ptia, а также с другими аферезными приборами. Кровь берется у доноров через венозный доступ, смешивается с ACD-A и закачивается в аферезную систему для дальнейшего разделения или удаления соответствующей фракции или компонента. Контролируемые объемы ACD-A, смешанные с кровью, возвращаются донору или пациенту. (18 штук в коробке). Соединение с комплектом магистралей с помощью Correct Connect соединения. Раствор T-PAS+ объемом 300 мл T-PAS+ — это высококачественный добавочный раствор для тромбоцитов (Platelet Additive Solution, PAS), используемый для хранения тромбоцитов, заменяющий значительное количество обычно необходимого объема плазмы. T-PAS был сертифицирован для использования с тромбоцитами, полученными из коллекций цельной крови и методом афереза на Trima Acce1, и является рекомендуемым решением для хранения тромбоцитов, обработанных

		технологией снижения патогенов Mirasol. (24 штук в коробке) * Рекомендуется тем, кто собирает не более 6.5 * 10
2.	Одноразовый набор для обработки тромбоцитов Mirasol с раствором для разведения препарата тромбоцитов	Сэт 10790 (3S) для Mirasol: Одноразовый набор для обработки тромбоцитов в добавочном растворе PAS (с 30-45 0/0 остаточной плазмой) полученные методом афереза или ЦК в системе Mirasol. Комплектация сэта: 1 пакет для хранения/освещения с прикрепленными трубками,хрупких соединительных устройств, прокалываемого порта и пробирки для проб для лейкоредуцированных тромбоцитов объемом от 100 до 400 мл каждый;1 светонепроницаемый пакет из фольги, содержащего пакет с раствором рибофлавина (раствор рибофлавина в физиологическом растворе, 500 мкм). 25 шт сэтов в коробке
3.	Одноразовый набор Mirasol для плазмы	Сэт 10390 (МА) для Mirasol: Одноразовый набор для обработки донорской плазмы, полученные методом афереза или ЦК в системе Mirasol. Комплектация сэта: 1 пакет для хранения/освещения с пакетом для освещения, пакетом для хранения, прикрепленными трубками,хрупких соединителями и пробиркой для проб;1 светонепроницаемый пакет из фольги, содержащего пакет с раствором рибофлавина (раствор рибофлавина в физиологическом растворе, 500 мкм). 25 шт сэтов в коробке
4.	Пластины TSCD к устройству для стерильного запаивания трубок пластикатных контейнеров с кровью TSCDII (в 1 уп.140 шт.)	Упаковка содержит две кассеты, в каждой из которых имеется 70 одноразовых пластин. Перекрестный контакт или контаминация магистралей при сварке исключаются, поскольку пластины удаляются после единственного использования. Пластины изготовлены из сплава меди, никеля, с примесью винила, примесью фенола, серебра, хрома. Нагревание +ЗОО0С. Максимальный диаметр используемой для стерильного соединения трубки-магистрали из ПВХ 4,5 мм. НЕСТЕРИЛЬНО. Упаковка содержит две кассеты, в каждой из которых имеется 70 одноразовых пластин. Перекрестный контакт или контаминация магистралей при сварке исключаются, поскольку пластины удаляются после единственного использования. Пластины изготовлены из сплава меди, никеля, с примесью винила, примесью фенола, серебра, хрома . Нагревание +300°С. Максимальный диаметр используемой для стерильного соединения трубки-магистрали из ПВХ 4,5 мм. НЕСТЕРИЛЬНО. Пластины «TSCD» являются расходным материалом к аппарату TSCD@-II для запаивания магистралей пластикатных контейнеров, производства компании TERUMO и предназначены для автоматического стерильного соединения двух секций полихлорвиниловых трубок. Система может использоваться, как для. соединения двух пустых трубок, так и трубок, наполненных кровью или лекарствевным раствором. Пластины «TSCD» являются асходным материалом к аппарату TSCD®-II для запаивания магистралей пластикатных контейнеров, производства компании TERUMO и предназначены для автоматического стерильного соединения двух секций полихлорвиниловых трубок. Система может использоваться, как для соединения двух пустых трубок, так и трубок, наполненных кровью или лекарственным раствором.

3. Сатып алынатын тауарлардың көлемі және әрбір лот бойынша оларды сатып алуға бөлінген сома.

лот №	Атауы және сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы	Сомасы
1.	Комплект Trima Accel с пробоотборником и камерой лейкоредукции LRS для тромбоцитов, плазмы, эритроцитов с автоматический подачей плазму заменяющего раствора для хранения тромбоцитов с раствором ACD-A 500 мл	дана	36	122 900,0	4 424 400,0

2.	Одноразовый набор для обработки тромбоцитов Mirasol с раствором для разведения препарата тромбоцитов	дана	50	89 880,0	4 494 000,0
3.	Одноразовый набор Mirasol для плазмы	дана	25	53 500,0	1 337 500,0
4.	Пластины TSCD к устройству для стерильного запаивания трубок пластикатных контейнеров с кровью TSCDII (в 1 уп.140 шт.)	бірлік	1 400	1 970,0	2 758 000,0
Барлығы (теңге):					**13 013 900,0**

4. Орны, мерзімі және тауарды жеткізудің ілеспе шарттары

4.1. Тауарды жеткізу орны: Ақтау қ., 34а мкр, қан орталығы ғимараты.

Жеткізу кестесі:

лот №	Атауы және сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Саны	Жеткізу мерзімі
1.	Комплект Trima Accel с пробоотборником и камерой лейкоредукции LRS для тромбоцитов, плазмы, эритроцитов с автоматический подачей плазму заменяющего раствора для хранения тромбоцитов с раствором ACD-A 500 мл	дана	36	Тапсырыс берушінің өтініші бойынша Тапсырыс берушіден өтінішті алған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде
2.	Одноразовый набор для обработки тромбоцитов Mirasol с раствором для разведения препарата тромбоцитов	дана	50	Тапсырыс берушінің өтініші бойынша Тапсырыс берушіден өтінішті алған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде
3.	Одноразовый набор Mirasol для плазмы	дана	25	Тапсырыс берушінің өтініші бойынша Тапсырыс берушіден өтінішті алған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде
4.	Пластины TSCD к устройству для стерильного запаивания трубок пластикатных контейнеров с кровью TSCDII (в 1 уп.140 шт.)	бірлік	1 400	Тапсырыс берушінің өтініші бойынша Тапсырыс берушіден өтінішті алған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде

4.2. Өнім беруші медициналық бұйымдарды жеткізу кезінде ілеспе қызметтерді қамтамасыз етуге тиіс:

1) тұтынушының қоймасына тауар түскенге дейін медициналық бұйымдарды сақтау шарттарын қамтамасыз ету;

2) жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасында тіркелгенін растайтын құжаттардың болуы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда тауардың кедендік тазартудан, сертификаттаудан, стандарттаудан өтуін қамтамасыз ету.

4.3. Ілеспе қызметтердің құны тауардың бағасында ескерілуі керек.

5. Төлем шарттары және тауарларды сатып алу шартының жобасы

5.1. Төлем шарты: Тапсырыс беруші тарапынан Өнім берушіге жеткізілген тауары үшін төлем жасауы нақты жеткізу фактісі бойынша толық көлемде жүргізіледі.

5.2. Әлеуетті өнім беруші төлемнің балама шарттарын немесе басқа да шарттарды және оларға байланысты нақты баға жеңілдіктерін ұсына алады. Сонымен бірге, әлеуетті өнім беруші өзінің тендерлік өтінімінде бұл жағдайда қандай бағалық жеңілдіктерді ұсына алатынын көрсетуі қажет.

5.3. Тауарларды сатып алу шартының жобасы денсаулық сақтау саласының уәкілетті органы бекіткен (осы Тендерлік құжаттаманың 1-қосымшасы) нысан бойынша жасалады.

6. Тендерлік өтінім және төлем жасау валютасы

6.1. Әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдерінің бағасы **теңгемен** көрсетілуі қажет.

6.2. Әлеуетті өнім берушілерге нақты төлем жасау екі тараптың уәкілетті тұлғалары электрондық шот-фактурасына және қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін теңгемен 30 күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

7. Тендерлік құжаттаманың тілі

7.1. Әлеуетті өнім беруші дайындаған тендерлік өтінім, сондай-ақ хат-хабарлар және тендерлік өтінімге қатысты барлық құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады және ұсынылады. Әлеуетті өнім беруші ұсынатын ілеспе құжаттама мен баспа әдебиеті оларға тендерлік өтінім тіліндегі тиісті бөлімдердің дәл, нотариат куәландырған аудармасы қоса берілген жағдайда басқа тілде жасалуы мүмкін және бұл жағдайда тендерлік өтінімді түсіндіру мақсатында мемлекеттік немесе орыс тілінде жасалған құжаттар артықшылыққа ие болады.

8. Тендерлік өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

8.1. Тендерге қатысуды қалаған әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін, тапсырыс берушіге немесе ұйымдастырушыға тендерлік құжаттаманың ережесіне сәйкес жасалған мөр басылған түрдегі тендерлік өтінімді ұсынады.

8.2. Тендерлік өтінімдерді қабылдау мерзімінің соңғы күні аяқталуынан кейін келіп түскен тендерлік өтінім ашылмайды және әлеуетті өнім берушіге кері қайтарылады.

8.3. Тендерлік өтінімнің мерзімі тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы күніне дейін саналатын **қырық бес күнтізбелік күннен кем емес** мерзімді құрайды. Қолданылу мерзімі неғұрлым қысқа Тендерлік өтінім кері қайтарылады.

8.4. Тендерлік өтінім негізгі бөліктен, техникалық бөлік және кепілдікті қамтамасыз ету бөлігінен тұрады. Бірлесіп орындаушы тартылған жағдайда, әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімге осы тендерлік құжаттаманың 8.5-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоса береді.

8.5. Тендерлік өтінімнің негізгі бөлігі мыналарды қамтиды:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тендерге қатысуға арналған өтінім (электрондық жеткізгіште денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізімдемесі ұсынылады);

2) заңды тұлға үшін жарғының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмеген жағдайда, сондай-ақ құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе құрылтай шартының көшірмесі немесе хабарландыру күнінен кейін акциялардың қолданыстағы ұстаушыларының тізілімінен үзінді көшірме ұсынылады);

3) заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесі, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы

хабарлама, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге және (немесе) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензия көшірмелерін не "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес электрондық құжат түрінде алынған көшірмелерін, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталады (жіберіледі). Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге және (немесе) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;

5) сертификаттардың көшірмелері (бар болса):

объектінің және өндірістің тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкестігі туралы;

объектінің тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы;

объектінің тиісті дәріханалық практика (GPP) талаптарына сәйкестігі туралы;

6) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша баға ұсынысы;

7) тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы.

8.6. Тендерлік өтінімнің техникалық бөлігі мыналарды қамтиды:

1) мәлімделген дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің нақты техникалық сипаттамасы көрсетілген қағаз жеткізгіштегі техникалық ерекшелікті (медициналық техниканы, сондай-ақ "docx" форматында электрондық жеткізгіште мәлімдеген кезде);

2) дәрілік затты және (немесе) медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың немесе Қазақстан Республикасына әкелуге және қолдануға денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қорытындысының (рұқсатының) көшірмесін.

Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және өндірілген дәрілік заттарға және (немесе) медициналық бұйымдарға: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы әкелінгенін, оны әлеуетті өнім берушінің кіріске алғанын растайтын құжаттың көшірмелері; отандық тауар өндірушінің өндіруі, "Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызметін көрсету және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларына сәйкес берілген қауіпсіздік туралы қорытынды ұсынылады;

3) егер әлеуетті өнім беруші тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) немесе тиісті өндірістік практика (GMP) немесе тиісті дәріханалық практика (GPP) сертификатын ұсынбаса, өтінімдер салынған конверттерді ашу күніне дейін бір және одан аз жыл бұрын берілген «салқындату тізбегінің» бар болуы туралы санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісін қамтиды.

8.7. Әлеуетті өнім беруші қажет болған жағдайда өтінімді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін жазбаша нысанда кері қайтарып алады.

8.8. Тендерлік өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

8.9. Тендерлік өтінім басылып шығарылады не өшірілмейтін сиямен жазылады, тігілген және нөмірленген түрде ұсынылады, соңғы беті әлеуетті өнім беруші өкілінің қолтаңбасымен бекітіледі. Грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болатын жағдайларды қоспағанда, тендерлік өтінімнің мәтініне жолдар арасына қосымша жазулар, сөздерді өшіруге немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

8.10. Техникалық ерекшелік тігілген және нөмірленген түрде ұсынылады, соңғы беті әлеуетті өнім беруші өкілінің қолтаңбасымен бекітіледі.

8.11. Тендерлік өтінімнің техникалық ерекшелігі және сатып алуды кепілдікті қамтамасыз етудің түпнұсқасы тендерлік өтінімге бөлек қоса беріледі және тендерлік өтініммен бір конвертке салынып жабылады.

8.12. Конвертте әлеуетті өнім берушінің атауы мен заңды мекенжайы қамтылады, ол тендерлік құжаттамада көрсетілген мекенжай бойынша

тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға жіберілуге тиіс және «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шеңберінде медициналық бұйымдарды сатып алу бойынша тендер» және **«2025 жылғы «28» қаңтар күнгі сағат 16.00-ға дейін ашпаңыз»** деген сөздер қамтылады.

9. Тендерлік өтінімге кепілдікті қамтамасыз етуді енгізу тәртібі, нысаны және мерзімі

9.1. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтініммен бірге дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан **бір пайыз мөлшерде** кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді.

9.2. Тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету) мынадай:

1) тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын сатып алуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша банк кепілдігі түрінде ұсынылады.

9.3. Кепілдікті қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімінен кем болмайды.

9.4. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімді кепілдікті ақшалай жарна түрінде қамтамасыз етуді тендерді ұйымдастырушының мынадай шотына енгізеді: **БСН 731140000027, ЖСК KZ4796511F0008029763 «ForteBank» АҚ, БСК IRTYKZKA.**

9.5. Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге бес жұмыс күні ішінде мынадай:

1) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім беруші оны кері қайтарып алған;

2) тендерлік құжаттаманың ережелеріне сәйкес келмеу негіздемесі бойынша тендерлік өтінім қабылданбаған;

3) басқа әлеуетті өнім беруші тендердің жеңімпазы деп танылған;

4) сатып алу рәсімдері тендердің жеңімпазын айқындамай тоқтатылған;

5) сатып алу шарты күшіне енген және тендер жеңімпазы сатып алу шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз етуді енгізген жағдайларда қайтарылады.

9.6. Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге, егер:

1) ол тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді кері қайтарып алса немесе өзгертсе;

2) тендердің жеңімпазы деп танылғаннан кейін жеңімпаз сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарт жасаудан жалтарса;

3) ол жеңімпаз деп танылса және сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартты кепілдікті қамтамасыз етуді енгізбесе не уақтылы енгізбесе, қайтарылмайды.

10. Тендерлік өтінімдерді қабылдау орны мен соңғы мерзімі және олардың қолданылу мерзімі.

10.1. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға тендерлік құжаттаманың ережелеріне сәйкес жасалған тендерлік өтінімді мөрленген түрде ұсынады.

10.2. Тендерлік өтінімдер мынадай мекенжай бойынша ұсынылады: Ақтау қ.,34А шағын аудан, қан орталығы ғимараты, мемлекеттік сатып алу бойынша кабинет. Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі – **2025 жылғы «28» қаңтар күнгі сағат 14:00-ге дейін**.

11. Тендерлік өтінімді кері қайтарып алу мүмкіндігі мен тәртібі

11.1. Әлеуетті өнім беруші қажет болған жағдайда өтінімді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін жазбаша нысанда кері қайтарып алады.

11.2. Әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімді қайтарып алу туралы хабарламасы ұйымдастырушыға жазбаша нысанда, бірақ тендерлік

өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

12. Әлеуетті өнім берушілердің тендерлік құжаттаманың мазмұны қажет болған кезде олармен кездесу өткізу тәртібі бойынша түсініктеме алу үшін жүгіну нысандары

12.1. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде тапсырыс берушіге, сатып алуды ұйымдастырушыға тендерлік құжаттама бойынша түсініктеме беруге жүгінеді, оларға тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау салу авторын көрсетпей түсініктеме береді, ол сұрау салу келіп түскен күнге тендерлік құжаттама алған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберіледі.

12.2. Әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттама бойынша түсініктеме сұрақтарды мына: **8 (7292) 40-32-27** телефоны немесе **ockaktau1@mail.ru** электрондық поштасы арқылы жолдай алады.

12.3. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірілмейтін мерзімге тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы қажеттілік болған кезде өз бастамасымен немесе әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына жауап ретінде тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізеді, бұл туралы тендерлік өтінімдер ұсынған немесе тендерлік құжаттаманы алған барлық әлеуетті өнім берушілерге дереу хабарланады. Бұл ретте тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік бес күнге ұзартылады.

12.4. Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы қажет болған кезде тендерлік құжаттамада айқындалған жерде және уақытта тендер шарттарын түсіндіру үшін әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізеді, бұл туралы кездесудің барысы және мазмұны туралы мәліметтер қамтылатын хаттама жасалады, ол тендерлік өтінімдер ұсынған немесе тендерлік құжаттама алған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберіледі.

13. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі мен орны, күні, уақыты

13.1. Тендерлік өтінімдер бар конверттер **2025 жылғы «28» қаңтар күні сағат 16-00-да** мына мекенжай бойынша: **Ақтау қ., 34А мкр, қан орталығы ғимараты, 3-қабаттағы конференц–залда** аудио және видео тіркеуді қолдана отырып ашылады.

13.2. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері қатыса алады.

13.3. Тендерлік комиссияның хатшысы конверттерді аша отырып, тендерлік өтінімдер келіп түскен әлеуетті өнім берушілердің атауы мен мекенжайын, әрбір лот бойынша мәлімделген бағаларды, беру мен ақы төлеу шарттарын, тендерлік өтінімдерді кері қайтарып алу тәртібін, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттар туралы ақпаратты хабарлайды және осы мәліметтерді конверттерді ашу хаттамасына енгізеді.

14. Тендерлік өтінімдерді қарау рәсімі

14.1. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдерді бағалауды және салыстыруды жүзеге асырады. Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық не тарату рәсімдеріне қатыстылығы бөлігінде олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық немесе тарату рәсімдерінің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылған ақпаратты қарайды.

14.2. Тендерлік комиссия мынадай жағдайларда:

1) осы Тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету ұсынылмағанда;

2) жарғының немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірменің немесе акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірменің немесе осы Қағидаларда көзделген жағдайларда құрылтай шартының көшірмесі ұсынылмағанда;

3) тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлғаны құрмай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесі, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі ұсынылмағанда (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға үшін);

4) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға сәйкес алынған, мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге және (немесе) есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның көшірмелері электрондық құжат түрінде не ұсынылмаған не «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға сәйкес алынған, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге және (немесе) есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылмағанда;

5) тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде бюджетке берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары және (немесе) жарналары бойынша берешек (олар бойынша төлем мерзімдері өзгертілген, берешектің жалпы сомасында көрсетілмеген сомаларды қоспағанда) туралы ақпарат болғанда;

6) осы Қағида талаптарына сәйкес техникалық ерекшелік ұсынылмағанда;

7) әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынса;

8) біліктілік талаптары және осы Қағида шеңберінде сатып алынатын дәрілік заттарға және (немесе) медициналық бұйымдар мен көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар бойынша дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі анықталса;

9) банкроттық не тарату рәсіміне қатыстылығы болса;

10) ұсынылған дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің осы Қағиданың 4-тарауында көзделген талаптарға сәйкестігін растайын құжаттар ұсынылмағанда;

11) фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші – тиісті дистрибьюторлық практика сертификатын (GDP), отандық тауар өндіруші – объектінің тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты, тиісті дәріханалық практика сертификатын (GPP) ұсынған жағдайларды қоспағанда, қажет болған кезде «салқындату тізбегінің» болуы туралы санитариялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау актісінің көшірмесі ұсынылмағанда;

12) егер тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік құжаттама шарттарында көрсетілгеннен неғұрлым қысқа болса;

13) баға ұсынысы ұсынылмаған не баға ұсынысы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысанда ұсынылмағанда;

14) әлеуетті өнім беруші тиісті лот бойынша сатып алу үшін бөлінген бағадан және (немесе) халықаралық патенттелмеген атауына шекті бағадан және саудалық атауы бойынша шекті бағадан жоғары дәрілік зат және (немесе) медициналық бұйым бағасын ұсынғанда;

15) тендерлік өтінім тігілмеген түрде, беттері нөмірленбей, қолтаңбамен бекітілмей, конвертте әлеуетті өнім берушінің, тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының атауы немесе заңды мекенжайы көрсетілмей ұсынылғанда;

16) әлеуетті өнім беруші және (немесе) бірлесіп орындаушы қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмегенде;

17) осы Қағида талаптарын бұза отырып үлестес болу фактісі анықталғанда тендерлік өтінімді қабылдамайды.

14.3. Егер тендер тұтастай алғанда немесе оның қандай да бір лотына өтпеді деп танылса, Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы тендер мазмұны мен шарттарын өзгертеді және сатып алу Қағидаларының 9-1-тарауына сәйкес қайта тендер өткізеді.

14.4. Егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін бір ғана өтінімнің берілуі негіздемесі бойынша өткізілмеді деп танылса, онда тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы осы өтінімді берген әлеуетті өнім берушіден сатып алуды бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырады.

14.5. Тендер тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты мынадай негіздемелердің бірі бойынша:

1) тендерлік өтінімдер болмаса;
2) әлеуетті өнім берушілердің барлық тендерлік өтінімдері қабылданбаса, өткізілмеді деп танылады.

14.6. Тендер жеңімпазы тендерлік өтінімдері тендерлік комиссия ең төмен баға ұсынысы негізінде хабарландыру шарттарына және осы Қағиданың талаптарына сәйкес деп танылған әлеуетті өнім берушілердің арасында айқындалады.

14.7. Лот бойынша бәсекелестік болмаған немесе лот бойынша бәсекелестердің тендерлік өтінімдері қабылданбаған кезде тендерлік өтінімін тендерлік комиссия хабарландыру шарттары мен осы Қағиданың талаптарына сәйкес келетін жалғыз өтінім деп таныған әлеуетті өнім беруші тендер жеңімпазы болып танылады.

15. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауар өндірушілерін және (немесе) өндірушілерін қолдау, кәсіпкерлік бастаманы ұсыну шарттары

15.1. Егер лот бойынша сатып алуға отандық тауар өндіруші және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттердің өндірушісі болып табылатын, хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінім берген бір әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда мұндай әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

15.2. Егер лот бойынша сатып алуға өтінімдері хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндірушілер және (немесе) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өндірушілері болып табылатын екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда, онда олардың арасындағы жеңімпаз ең төмен баға бойынша айқындалады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

15.3. Сатып алуды өткізу кезінде әлеуетті өнім берушінің отандық тауар өндіруші мәртебесі мынадай құжаттармен расталады:
1) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды өндіру бойынша фармацевтикалық қызметке лицензия;
2) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің ережелеріне сәйкес берілген дәрілік затқа немесе медициналық бұйымға тіркеу куәлігімен және отандық тауар өндірушіні өндіруші ретінде көрсете отырып, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен.

15.4. Әлеуетті өнім беруші Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер өндірушісінің мәртебесі мынадай құжаттармен расталады:
1) дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды өндіру жөніндегі фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған лицензия;
2) Еуразиялық экономикалық одақтың тіркеу және сараптама қағидаларына сәйкес келетін тіркеу куәлігі (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 78 және 2016 жылғы 12 ақпандағы № 46 шешімдеріне сәйкес).

15.5. Шарттар жасасуға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес объектінің талаптарға сәйкестігі туралы сертификат алған әлеуетті өнім берушілердің артықшылығы бар:
1) дәрілік заттарды сатып алу және дәрілік заттарды жеткізудің ұзақ мерзімді шарттарын жасасу кезінде тиісті өндірістік практика (GMP);
2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттар мен фармацевтикалық қызметтерді сатып алу кезіндегі тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) ;
3) фармацевтикалық қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дәріхана практикасы (GPP).

15.6. Сатып алу шартын немесе өнім беру шартын жасасуға артықшылық алу үшін өтінімге:
1) отандық тауар өндірушілер дәрілік заттарды сатып алу және дәрілік заттарды берудің ұзақ мерзімді шарттарын жасау кезінде объект пен өндірістің Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты қоса береді;

2) әлеуетті өнім берушілер дәрілік заттарды сатып алу кезінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған объектінің тиісті дистрибьюторлық практикаға (GDP) сәйкестігі туралы сертификатты қоса береді;

3) әлеуетті өнім берушілер және (немесе) олардың бірлесіп орындаушылары фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде объектінің Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған тиісті дәріханалық практикаға сәйкестігі (GPP) туралы сертификатты қоса береді.

15.7. Егер лот бойынша сатып алуға хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінім мен объектінің тиісті өндірістік практика (GMP) немесе тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты берген бір әлеуетті өнім беруші ғана қатысса, мұндай әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

15.8. Егер лот бойынша сатып алуға хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін тендерлік өтінім және объектілердің тиісті өндірістік практика (GMP) немесе тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификаттарды берген екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысса, олардың арасында жеңімпаз ең төменгі баға бойынша айқындалады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды

15.9. Егер лот бойынша сатып алуға дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінің деректеріне толық әрі дәл сәйкес келетін тіркеу куәлігін немесе дәрілік затты және (немесе) медициналық бұйымды Қазақстан Республикасына әкелуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган рұқсатының (қорытындысының) нөмірін ұсынған екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысса, басым құқық тіркеу куәлігін ұсынған әлеуетті өнім берушілерге беріледі, бұл ретте олардың арасындағы жеңімпаз ең төмен баға бойынша айқындалады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

16. Сатып алу шартының кепілдікті қамтамасыз етуді енгізу шарттары, нысаны, көлемі мен тәсілі

16.1. Сатып алу шартын кепілді қамтамасыз ету сатып алу шарты бағасының үш пайызын құрайды және:

1) тапсырыс берушіге қызмет көрсетілетін банкке енгізілетін ақшалай қаражат түріндегі кепілдік жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес берілген банк кепілдігі түрінде ұсынылады.

16.2. Кепілдік қамтамасыз етуді ақша қаражатының кепілдік жарнасы түрінде әлеуетті өнім беруші тендерді ұйымдастырушының тиісті шотына енгізеді: **БСН 731140000027, ЖСК KZ4796511F0008029763 «ForteBank» АҚ, БСК IRTYKZKA.**

16.3. Егер сатып алу шартының бағасы тиісті қаржы жылына арналған айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспаса, кепілдікті қамтамасыз ету енгізілмейді.

16.4. Сатып алу шартының орындалуын кепілдікті қамтамасыз етуді өнім беруші, егер өзі өзгешені көздемесе, **шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей** енгізеді.

16.5. Сатып алу шартының орындалуын кепілдікті қамтамасыз етуді тапсырыс беруші өнім берушіге мынадай:

1) өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты сатып алу шарты немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарт бұзылған;

2) өнім беру шарты бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған (беру мерзімдерінің бұзылуы, сапасыз дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды беру және шарттың басқа да талаптарының бұзылуы);

3) орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін сатып алу шартында немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартта көзделген айыппұл санкцияларын төлемеген жағдайларда қайтармайды.

17. Сатып алу туралы шартты жасау тәртібі

17.1. Тапсырыс беруші тендердің қорытындылары шығарылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде әлеуетті өнім берушіге 1-қосымшадағы нысан бойынша жасалған қол қойылған сатып алу шартын жібереді.

17.2. Шартты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тендер жеңімпазы оған қол қояды не Тапсырыс берушіге оның шарттарымен келіспегені немесе қол қоюдан бас тартқаны туралы жазбаша хабарлайды.

17.3. Қол қойылған шартты немесе шарттармен келіспеу туралы хабарламаны көрсетілген мерзімде ұсынбау оны жасасудан бас тарту болып есептеледі. Бас тартуды қарау мерзімі шарт жасасудан бас тарту ұсынылған күннен бастап екі жұмыс күнінен аспайды.

17.4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, сатып алу шарты немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарт тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

17.5. Егер тендер жеңімпазы сатып алу шартына немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартқа белгіленген мерзімде қол қоюдан жалтарса немесе Тапсырыс берушіні оның талаптарымен келіспейтіні туралы хабардар етпесе, онда тапсырыс беруші осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін және баға ұсынысы жеңімпаз ұсынғаннан кейін екінші болып табылатын тендер қатысушысымен шарт жасасады.

17.6. Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертетін шартқа қандай да бір өзгерістер және (немесе) жаңа талаптар (дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың бағасын, көлемін азайтуды қоспағанда) енгізуге, оның ішінде Шартта көрсетілген сауда атауын басқа сауда атауымен ауыстыруға жол берілмейді.

17.7. Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған дәрілік заттың және (немесе) медициналық бұйымның құрамы немесе сипаттамасы өзгермеген жағдайда жасалған шартқа өзгеріс енгізуге жол беріледі:

1) тараптардың өзара келісімі бойынша дәрілік заттарға және (немесе) медициналық бұйымдарға бағаны және тиісінше шарттың бағасын төмендету бөлігінде;

2) дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің көлемін азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады.

17.8. Тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының аудио және бейне тіркеуді қолдана отырып, сатып алу шартына қол қойғанға дейін дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың бағасын азайту мақсатында тендер жеңімпазы деп танылған әлеуетті өнім берушімен келіссөздер жүргізуіне жол беріледі. Әлеуетті өнім беруші қалауы бойынша дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың бағасын азайтуға келісетіні немесе келіспейтіні туралы шешім қабылдайды, бұл тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының тендер жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім берушімен шартқа қол қоюдан бас тартуы үшін негіз болып табылмайды.

18. Медициналық бұйымдарды сатып алудың арнайы ережелері.

18.1. Әлеуетті өнім берушілер тендерлік өтінімді ресімдеу кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ -113 «Сатып алу үшін құжаттар нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» бұйрығын басшылыққа алады.